

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақшасы				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Жұлдыз» тобы Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Бекмуратова Айнұр				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	07.08. - 11.08.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге күтім жасау. Мақсат-міндеттер: балаларға өсімдіктердің жапырақтарын тиянақты, ұқыпты сүрте білуді пысықтау. (еңбек дағдылары)	Аквариумдағы балықтарды тамақтандыру. Мақсат-міндеттер: зейінді, балықтарға күтім жасау ниеттерін дамыту, тіршілік иелеріне деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Қуыршақтың киімін жуу". Мақсат-міндеттер: балаларға тәрбиешіге қуыршақтың киімдерін, төсек орын жабындыларын жууға көмектесуге үйрету, еңбек біліктіліктері мен дағдыларын дамыту, басқалардың игілігі үшін еңбектену ниетін тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	"Біз көмекшіміз". Мақсат-міндеттер: балаларды тамақтан кейін ыдыстарды үстел үстінен жинауды, шамасына қарай ересектерге көмектесуді, жұмыс барысында мәдени-гигиеналық талаптарды сақтай білуді жетілдіру. (еңбек дағдылары)	Балалармен бірге аквариумды тазалау. Мақсат-міндеттер: қармақпен ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, зейінді дамыту; қарапайым еңбек дағдыларын жетілдіру. (еңбек дағдылары)
	"Менің аулам" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: суретті пайдаланып сөйлем құрауға дағдыландыру; байланыстырып сөйлеуге бейімдеу.	"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушылық ойыны (заттар). Мақсат-міндеттер: балалардың қоршаған заттар, геометриялық	"Есіне сақта да, қайтала" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: көзбен қабылдауды, қиялды дамыту, кеңістік пен жазықтықтағы	"Дене мүшелері" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың дене мүшелері туралы түсініктерін тиянақату; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды	"Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: саналы логикалық есте сақтауды және зейін бөлуді қалыптастыру. Құралдар: түрлі

(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) "Қажет киімді тап" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда қысқы және жазғы киімдерді ажырату біліктілігіне тәрбиелеу, есте сақтау мен логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, зейінділікке тәрбиелеу. (танымдық дағдылар) "Кім спортшы?" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды денсаулықты сақтау қағидаларына баулу; мәтінді ырғаққа сай	пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарындағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар заттарды атайды)	геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. (математика негіздері) Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балалардың достық туралы ұғымдарын тиянақтау; көркем сөзге деген қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынтасын жетілдіру "Достық деген не?" Педагог асықпай, өлеңді мәнерлеп оқиды Топ ішінде бірге ойнаған, Достарыммен біргемін. Бөлісіп бар	орындауға машықтандыру. Мынау - менің жүрегім, (Екі қолды кеудеге қою) Бәрі осыдан басталған. Мынау – басым ақылды, (Екі алақанды басқа қою, сипау) Бәрін осы басқарған. (Сұқ саусақ жоғары) Мынау – оң қолым, (Екі қолды кезек - кезек екі жаққа сермеу) Мынау – сол қолым. Барлық істі басқарған. (Шапалақтап) (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) "Асықты кімге, қай жаққа тастаймын?"	ойыншықтар топтамасы. (танымдық дағдылар) "Үш торай" ойын-санамағы. Мақсат-міндеттер: балаларды санамақты ырғаққа сай мәнерлеп айтуға машықтандыру; ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру. Үш торай, үш торай, Қандай жасыл алаңқай! Үш торай, үш торай, Үйі олардың алаңқай Ең үлкені енбекқор, Інілеріне қамқор. Аты оның ... - Ниф-Ниф! Ең үлкені енбекқор, Інілеріне қамқор.
--	--	---	---	--

	айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру. Кім спортшы? Тек алға! (Орында адымдау) Жаттығуда адымда. Басымызды шайқаймыз, (Қол белде, басты екі жаққа бұру) Бір-екі, бір-екі. Денемізді иеміз, (Алдыға еңкею) Бір-екі, бір-екі. Қолымызды көтеріміз, қайта төмен түсіреміз, (Қол жоғары, төмен түсіру) Денемізді созамыз. (Аяқ ұшымен тұру, керілу) Аяқты алшақ, қоямыз, (Аяқты кең ашып секіру)	- Оларды қандай бір сөздермен біріктіреміз? (Жиһаз, ойыншықтар, ыдыс- аяқ, киімдер.) - Суреттегі заттарды өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. (математика негіздері) "Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру,	ойыншықпен, Жан сырын да білгенмін. Достарменен бірге жүрсең, Жақсы әуен тынбасын. Қара бұлтта сейіледі, Дос жүрегін тыңдасаң. Достарменен қол ұстассаң, Ешқашан қор болмайсың. Ұқсағың кеп жан досыңа, "Кең мұнара" салғайсың. Д. Бұланбаева. (көркем әдебиет) "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер:	дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың бір- біріне мұқият болып, шеңберде асықпен ойнауға тәрбиелеу; кеңістіктегі бағыт- бағдарды ажырату дағдыларын жетілдіру, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жабдығы: асық. Ойынды санамақ арқылы таңдалған, қолында асығы бар бала бастайды. Асық қолға түскеннен кейін, бала, көп ұзамай, шеберде отырған кез- келген балаға қарай лақтырады. Асық лақтырылған кезде асық ұстаған бала: "Мен менің сол (оң)	Аты оның... - Ниф-Ниф! Ортаншысы саналы, Тез салуды қалады. Аты оның... - Нуф-Нуф! Ортаншысы саналы, Тез салуды қалады. Аты оның... -Нуф-Нуф! Ең кенжесі ойнайды, Ойынға бір тоймайды Аты оның... - Наф-Наф! Ең кенжесі ойнайды, Ойынға бір тоймайды Аты оның... Наф-Наф! Қанша торай? Санашы ... Бір, екі, үш! Бір, екі, үш! Санадым ба? Қарашы... Бір, екі, үш! Бір, екі,
--	---	--	---	---	--

	Бір, екі! Адымда, (Орында адымдау) Бізде бәрі тамаша! Спортшы болсаң, шаршама! (Қол шапалақтау) Аударған А. Кокенова. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. (математика негіздері)	баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс ататқызып, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ қол моторикасын желітдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар:	жағымда (немесе қарама-қарсы) отырған Дастанға (есімі белгілі балаға) лақтырамын. Асықты алатын бала, асықтың қандай қалыпта жатқанын да айтып, содан соң асықты кімге және қай жаққа лақтыратынын таңдайды. Ойын осы бағытта жалғасады. Ескерту: асықтың түсетін қалыптары - бүк, шік, омпы, сомпы, тәйке, алшы. (дене шынықтыру, танымдық дағдылар)	үш! (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)
--	---	--	---	---	---

			бірдей қос суреттер, эртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (танымдық дағдылар)		
Таңертеңгі жаттығу	Балалардың деңсаулығының нығаюына ықпал ету, күнделікті дене шынықтыру жаттығуларын жасау әдебін тәрбиелеу. Кешенді жаттығу. Сағаттың тіліндей Иіліп оңға бір, Сағаттың тіліндей Иіліп солға бір, Оң аяқ, сол аяқ Жаттығу оңай-ақ. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды орамалды ұқыпты қолдана білуді тәрбиелеу, сиқырлы сөздерді пайдаланып (рахмет, өтінем), дұрыс өтініш айтуды, үйретуді жалғастыру. <i>Көркем сөз</i> Дастарханның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денене көп жина күш. Тойып үйге қайтайық, Апайға "рақмет" айтайық.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Достарымызды кешіруді үйренеміз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға бір-біріне ренжімеуді үйрету; абайсызда немесе қасақана жасалған әрекет екенін ажырату және сәйкесінше әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	"Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шабады, жүреді, жортады, жатады, секіреді. Құрт - жорлағайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді,	"Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көкөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын аланының түрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам,	"Айнаға қара, біз қалай ұқыпты киінгенбіз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: киімдегі ұқыпсыздықты көріп, сол уақытта түзетуді үйрету, таза жүруге тәрбиелеу.	"Фант" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың белгілі тақырып бойынша түсініктерін нақтылылау, сол тақырып бойынша тақпақты, жаңылтпашты, мақалды, санамақта, жұмбақты еске түсіріп айтуға ынталандыру; есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту; шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар, шеңберде тұрып, келісілген тақырыпқа байланысты сөздерді кезегімен айтып жатады. Егер біреу ойланып, тоқтап қалса немесе

		отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығымен қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды.	оңға тағы екі қадам.		алдында айтылған сөзді қайталаса, осы тақырыпқа байланысты көркем сөз үлгісін жатқа айтады.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жазғы ойындар" Мақсат-міндеттер: Жаздың ерекшеліктерін,	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Аралықтан аралыққа өрмелейміз" Мақсат-міндеттер:	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Еріншек егінші мен еңбекқор құмырсқалар" ертегісі Мақсат-міндеттер:	Сурет салудан ойын-жаттығу «Аулада ойнайтын жазғы ойындардың спорттық құрал-жабдықтары» Мақсат-міндеттер:	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу «Епті, мықты, батылмыз» Мақсат-міндеттер: Балаларды жабайы

	құбылыстарын пысықтау. Балаларды сұраққа толық жауап беруге дағдыландыру. Байланыстырып сөйлеу тілін, ұсақ қол қимылын, қабылдауын, зейінін дамыту. Салауатты өмір салтын ұстануға, денсаулығын сақтауға тәрбиелеу.	Балаларды шапшаң және баяу қарқынмен жүгіру; гимнастикалық қабырға бойынша аралықтан аралыққа өрмелеу дағдыларын дамыту; балаларда қатарға бір-бірден сапқа тұру дағдыларын дамыту; бой түзулігін дұрыс сақтау.	Балаларды кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету; мазмұнды эмоционалды қабылдай білу қабілеттерін дамыту; сұраққа жауап беруге және дәнді дақылдар, егістік туралы білімдерін кеңейту.	Балаларды жазғы аулада ойнайтын ойындардың құрал-жабдықтары-доптың, обручтың, секіртпенің (қалауы бойынша) суретін салуды үйрету; балауыз мел мен түрлі-түсті қарындаштарды қолдану техникасын жетілдіру; қағаз бетінде сюжетті орналастыруға үйрету; эстетикалық қабылдауларын, қиялдарын дамыту; спортқа деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. <i>Жеке сүйемелдеумен дербес әрекет.</i> Музыкадан ойын-жаттығу "Біз өмірдің гүліміз" Мақсат-міндеттер:	және бақша гүлдерімен таныстыру; өсімдіктер тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; жабайы және бақша гүлдері өсетін жер туралы түсінік беру; өсімдіктердің өсу шарттары (жарық, су, жылу, топырақ) туралы білімдерін бекіту.
--	--	--	--	---	---

				Балалардың мұғаліммен бірге көңілді әндер айту қабілетін дамыту; кейіпкерлер қозғалысында ойын мазмұнын дұрыс жеткізе білуді қалыптастыру. Белсенділікке, ынтымақтастық қабілеттілікке, музыкалық және шығармашылық ойын шараларына белсенді қатысуға деген ұмтылысқа тәрбиелеу.	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Серуен	Ағашты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,	Табиғатты бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,	Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту,	Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет,	Жерге қурап түскен жапырақтарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру,

	еңбек дағдылары) Мақсаты: туған өлкенің ағаштары жайлы білімдерін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру, балалардың жазғы құбылыстар туралы білімдерін бекіту, жағымды эмоциялар ояту, табиғатты аялауға тәрбиелеу. Балаларға ағаштар түрлерін ажыратуға ұсыну. балалар терек, қайын, қарағаш, үйеңкі ағаштарын діндеріне, жапырақтарының пішіндеріне қарап ажырату мүмкін. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?" дамытушы жаттығуы. Мақсаты:	көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: жаз жайлы түсініктерін мезгілге тән ерекшеліктері бойынша жалпылау және тереңдету; балалардың қоршаған ортаға деген эстетикалық көзқарастарын қалыптастыру, табиғатты аялау. Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; ұсақ қол моторикасын дамыту. Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан,	көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды табиғат құбылысы- жаңбырмен таныстыруды жалғастыру. Жаңбырдың өсімдіктердің өсуіне тигізетін ықпалы жайлы айту. Балаларды сөйлеу барысында жаңбырды сипаттайтын сын есімдерді қолдануды үйрету. Балалармен жазғы жаңбырды бақылау. "Жаңбыр жауғанда" фонемо- ырғақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге	еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс- тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, лентаны желбіретейік" жаттығуы. Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз қажетті күшпен үрлеуді жасап, түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты	сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балалардың жапырақтар жайлы білімдерін бекіту; сұрақ-жауап негізінде сөздік қорларын кеңейту; ойлау қабілеттерін, қиялдарын дамыту; табиғат сұлулығын сезінуді тәрбиелеу. Еңбек әрекеті: қураған жапырақтарды, солып қалған гүлдерді жинау, тұқымдарын келесі жылға жинау. Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қағаз қалташаларын қолдану. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс
--	--	---	---	---	---

балалардың ағаштар туралы білімдерін пысықтау; жапырақтарға қарап, ағаштарды ажыратуға дағдыландыру; зияткерлікке тәрбиелеу. Құралдары: терек, шырша, емен, үйеңкі, қайынның суреттері, жапырақтарының кескіндері. - Балалар, сендер қандай ағаштарды білесіңдер? (Терек, шырша, емен, үйеңкі, қайын). - Осы жапырақтарды тауып, қандай ағаштан түскенін анықтайық. Еңбек әрекеті: құрап түскен жапырақтарды жинау. Мақсаты: тазалыққа	Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! Қадыр Мырза Али. Еңбек әрекеті: жолдар мен орындықтарды құмнан тазалау. Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, өзара достық көмек. "Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге машықтандыру;	ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау жаңбыр Жау жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерін шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (Бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (Екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (Екі аяқпен секіру) Еңбек әрекеті: ойын алаңын ретке келтіру. Мақсат-міндеттер: бірігіп жұмыс істеу біліктіліктерін дамыту. "Ақ сүйек" қимыл-	соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, лентаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу желді білдіресіңдер. Еңбек әрекеті: балабақшаның ойын алаңын жинау. Мақсат-міндеттер: орындалған жұмыстан өздеріне және басқа балаларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлауға үйрету, экологиялық мәдениетті тәрбиелеу. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың ойын шарттарына сай	ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша, шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып, жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді
---	--	--	--	---

	тәрбиелеу. "Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды. Педагог ойынды бастайды:	шапшаңдыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту. Алаңның бір жағында көмегімен қой қора қоршалады. Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдалып алады; қалғандары – "қойларды" сомдайды. "Қойшының" көзін байланады. Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?", - деп сұрайды.	қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Ойын мақсат-міндеттері: балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақ сүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, алысқа лақтырады. Балалар ақ сүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақ сүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші: "Ал	ойнай білу, "Мен - түлкі!" сигналы бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кіші шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал жүргізуші-педагог балаларды шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан бері педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы-балалар болса, жан-жақтарына қарап:	айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталану мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын
--	---	---	--	--	--

	- Аңшылар жүр орманда, "Не бар?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да алаңды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар, қашыңдар!" - деген	"Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә..", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды. Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады. Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, сұрайды: "Қойым, қойым, өзінді ата!" Ал ойнаушы, "қой": "Мә-мә-мә", - деп дауысын шығарады. "Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған - "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала танылмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады. Қимыл-қозғалыс ойыны: "Нысанаға	ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - дейді. Ойынның шарты бойынша ақ сүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақ сүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақ сүйек өзіне беріледі. Сөйтіп, ақ сүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз аталады. Жабдығы: ақ сүйек. "Нысанаға кім бірінші жетеді?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру)	"Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп, үш рет сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап, балалар жан-жаққа "қу түлкіден" қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. "Тиіп кетпе" қимылды ойын-жаттығуы (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: жіптен 15—20 см биіктікте секіруді, ойынды жинақтай білуді үйрету. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен	бақылайды. "Шеңберден шеңберге" жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларды бағыттарды өзгетіп, алға екі аяқпен жылжи отырып, секіруге дандыландыру; күш-қуатын, дамыту, дене мүшелерін жетілдіру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға
--	--	---	---	--	--

	сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды. "Кегльді қағып ал" жаттығуы. Мақсаты: допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кегльді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке,	тигіз". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: көзбен мөлшерлеу мен лақтыру күшін дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау. Мақсат-міндеттер: ракетканы дұрыс ұстауға машықтандыру.	Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс жылдамдығын, алғырлықты дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттер: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.	алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту нысанаға лақтыру. Мақсат-міндеттер: қозғалыс координациясын дамыту.	тәрбиелеу.
--	--	---	--	--	-------------------

	зеректікке баулу. Өз бетінше еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, "Секірмек". Мақсаты: оң және сол аяқпен секіру біліктілігін дамыту.				
Серуеннен оралу	Серуен кезінде ұйымдасқан мінез-құлық дағдыларын бекіту: тыныштықты сақтау, өз достарына көмектесу, киімді ұқыпты шешу, аудару, шкафқа тиянақты бүктеп салу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларды орамалды ұқыпты қолдана білуді тәрбиелеу, сиқырлы сөздерді пайдаланып (рахмет, өтінем), дұрыс өтініш айтуды, үйретуді жалғастыру. <i>Көркем сөз</i> Дастарханның басында, Өзіңді жақсы ұста! Дұрыс отыр! Асыңды іш! Денене көп жина күш. Тойып үйге қайтайық, Апайға "рақмет" айтайық. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				

Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Балаларды біртіндеп оятып, тұрғызу. Балалардың естеріне ұйқыдан тұрған соң киіну реттілігін түсіру. Көзге арналған жаттығу. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Балық, құс, аң" дидактикалық ойыны Мақсат-міндеттер: балалардың тірі табиғат өкілдері жайлы білімдерін бекіту; зеректілікті дамыту. Ойын шартын жеткізу үшін, бірінші кезеңде жүргізуші рөлін тәрбиешінің өзі орындауы мүмкін. Балалар шеңбер бойымен орналасады. Жүргізуші допты кезекпен әр балаға лақтырады да - "балық", "құс", "аң" сөздерінің бірін айтады. Допты ұстап	"Жұмыс үшін кімге не қажет?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың мамандақтар туралы түсініктерін дамыту. Аталған мамандық иесіне қажет, еңбек құралдары мен материалдарын табуды үйрету. (қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын "Медициналық емхана" Мақсат-міндеттер: дәрігер, медбике	"Сөйлемді аяқта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда сөйлеу белсенділігін, ой ұшқырлығын дамыту. Ойын барысы. Допты лақтырып, қағып алу. Аяқталған сөйлем шығатындай сөз тауып, айту керек. Бір сөз ғана қосу керек. Тәрбиеші бірнеше сөз айтады. ал балалар оны жаңа сөзбен, аяқталған сөйлем шығатындай толықтыру қажет, мысалы: "Анам ... - ...кітаптар,	"Қатені түзе" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: әрекеттердің дұрыс реттілігін орнатуға үйрету. Ойын барысы: баланың алдына суреттер жиынтығы жатады, бірақ суреттердің бірі өз орнында жатқан жоқ. Бала қатені тауып, суретті өз орнына орналастырады да, кейін өзінің суреттер жиынтығы бойынша әңгіме құрастырады. (танымдық дағдылар)	"Керісінше" дидактикалық ойын. Мақсат-міндеттер: балаларда зеректікті, ойлау жылдамдығын дамыту. Ойын барысы. Тек қана қарама-қарсы мағыналы сөздерді атау. Балалар мен тәрбиеші шеңбер құрып орындықтарға отырады. Тәрбиеші бір сөз айтып, допты балалардың біріне лақтырады, бала допты ұстап алып, қарама-қарсы мағыналы сөз айтып, допты қайта тәрбиешіге лақтыру

	алған бала, белгі сөзге сәйкес балық, құс, аң атын тауып айтады. Егер балалардың бірі қиналса, қалғандары көмектеседі. (қоршаған ортамен таныстыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Ветеринарлық емхана". Мақсат-міндеттер: балалардың жан-жануарлар дәрігері, медбикелер, күтушілер, ветеринарлық емхананың қызмет көрсетушісі жайлы түсініктерін бекіту; емханада медициналық жұмысшылар қандай рөл атқаратынын анықтау;	мамандығына қызығушылықтарын ояту; балалардың медицина қызметкерлерінің міндеттері жайлы білімдерін кеңейту; сауалнама жүргізу біліктіліктерін дамыту; жанашырлыққа, басқаларға қамқорлық танытуға, көмек көрсетуге талпынуға тәрбиелеу. Барысы. Ойынның барлық қатысушылары өз бетінше рөлдерге бөлініп, әрқайсысының міндеттерін талқылайды: дәрігер (науқасты қарайды, шағымын тыңдайды, емдеуді тағайындайды), медбике (алғашқы	дәптерлер, сөмке сатып алды", - деп балалар жалғастырады. (сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын "Ғарышкерлер". Мақсат-міндеттер: мектепке дейінгілердің әскери-патриоттық дайындығына ықпал ету, дене шынықтыру дайындығын жетілдіру. Ойын сюжетін өз бетінше дамытуға үйрету. Ойын барысы. Ойынға қызығушылықтарын дамыту үшін, тәрбиеші балаларға "Ғарышкерлер" ашық хат жиынтығын қарастыруды ұсынады. Олармен	Сюжетті-рөлдік ойын "Орманда". Мақсат-міндеттер: әртүрлі өсімдіктер, дәндер, саңырауқұлақ атауларын бекіту. Табиғатқа деген сүйіспеншілікпен қызығушылықтарын тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойын алдында тәрбиеші ата-аналармен бірге, жақын маңайдағы саябаққа экскурсия ұйымдастырады. Өсімдіктер мен ағаштардың атауларымен таныстырады. Назарларын ондағы тіршілік етушілерге: жәндіктер, құстар және т. б.(орман тұрғындары) аударады. Балалар құстардың	керек. Мысалы: Тәрбиеші: "Алға!"-десе, бала: "Артқа!" - деп жауап береді, (оңға - солға, жоғары - төмен, алыс - жақын, т. б). Үстеуді ғана емес, сонымен сын есімдерді, етістіктерді: астыңғы-үстіңгі. Егер допты алған бала, жауап беруге қиналса, балалар тәрбиешінің ұсынысы бойынша топпен жауап береді. (танымдық дағдылар) Сюжетті-рөлдік ойын "Балалар кітапханасы". Мақсат-міндеттер: кітапхана қызметкерлері жайлы ұғымдарын кеңейту, қоғамдық орындарда
--	--	---	--	---	---

	еңбексүйгіштікке, жан-жануарларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші балалармен бірге дайындық жұмысы ретінде ветеринардың жұмысы жайлы фотосуреттер қарастыру керек, К. Чуковскийдің "Айболит" ертегісін оқып, еске түсіру, сонымен қатар ветеринарлық емхана жайлы әңгімелесу. Балалар аңдар мен құстардың қандай дене мүшелерін емдейтінін ғана емес, сондай-ақ қандай құралдарды қолданатындарын, ветеринарға қандай сұрақтар қою керектігін талқылау	көмек көрсетеді, емдеу шараларын жүргізеді), науқастар (арудың белгілерін бейнелейді). Арнайы киімдерді қолдануды ұмытпау керек. Балалар ойын барысында, өздерінің дәрігерге қараланған сәтін көрсете алады. Тәрбиешіге назарын балалардың науқастардың жағдайына жанашырлық танытып, қамқорлық көрсетуіне аударуы керек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	ғарыш мамандары, ғарышкер қандай қасиеттерге ие болу керектігі жайлы әңгімелеседі. Тәрбиеші балалармен ғарышкер-адамдардың мінезін талқылайды. Одан кейін тәрбиеші балалармен бірге, "Ғарышқа ұшу" ойын сюжетінің шамалы жоспарын белгілейді, ол келесі тармақтарды қамтуы мүмкін: ғарышкерлерді жаттықтыру, ұшуға дайындығына емтихан тапсыру, дәрігердің қарауы, зымыранға отыру, кемені қосу, ғарыштағы жұмыс, кеме бортынан хабарлау, жерден ұшуды басқару,	дауыстарын естиді. Тәрбиеші алдын-ала рөлдерге бөледі: бірнеше адамды орман иелерінің рөліне алады, қалғандары орман қонақтары. Орман иелері тәрбиешінің басшылығымен қонақтарға арналған ойындар үшін материал таңдайды. Тәрбиеші айтады: "Балалар, бүгін сендерге орман кілтін табу керек болады. Кілтті тапқан адам ешқашан орман ішінде адасып кетпейді, ол құстардың тілін түсініп, жердегі жан-жануарлардың ізін танытын болады. Бірақ кілтті табу оңай емес. Ол үшін сендерді орманда	өзін-өзі ұстау ережелерін бекіту; кітапты қолдану ережелерімен таныстыру; кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту, кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу. Барысы. Ойын барысында балалар әртүрлі ойын әрекеттерін орындайды: кітапханашы оқырман формулярларын рәсімдейді, өтінім қабылдайды, картотекамен жұмыс, кітап береді, оқу залында кітапханашы қажет кітапты таңдауға көмектеседі, оқырмандармен оқылған кітаптары жайлы әңгімелеседі, оқырмандар өзара
--	---	--	--	---	--

	керек. Балалар өзара ветеринарлық емханада кімдер, қандай қызметкерлер болатынын таңдайды. Кейіпкерлер өздеріне керек киім үлгілері мен құралдарды алып, орындарына барады. Тәрбиеші диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Соңында тәрбиеші балармен бірге қорытынды жасайды: адам жанында тіршілік ететін аңдар мен құстардың денсаулығы мен тірі табиғаттағы		жерге қону, жерде кездесу, медициналық тексеріс, ұшудан кейін ғарышкерлердің тынығуы. Одан кейін тәрбиеші балаларға құрылыс материалынан зымыран құрастыруды ұсынуы мүмкін. Зымыранды құрастыру барысында оның бөліктерін атау (тұмсығы, люктер, иллюминаторлар, басқару тетігі). Дербес ойында тәрбиеші балаларды адамдардың жауапты тапсырманы орындауға бағытталған қарым-қатынасын (еңбек және жеке) модельдеуге	күтіп тұрған, барлық тапсырмаларды орындау керек". Балалардың қайсысы барлық тапсырмаларды бірінші орындап және сұрақтарға дұрыс жауап берсе, кілтке ие болып, орман шеруін бірінші бастауға құқылы. Тәрбиеші карнавалға дайындалуға белгі береді. Орман карнавал ортақ шеруден басталады, кейін балалар алдын-ала дайындалған орман тұрғындарының биін көрсетеді орман, құстар жайлы ән айтып, өлең оқиды, жұмбақ жасырады. Карнавал орман көгалында орман сыйымен —	әсерлерімен бөліседі. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)
--	--	--	---	--	--

	жануарлардың қауіпсіздігіне жауапты екенін. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)		шақырады. Мысалы, тәрбиеші балаларға хабарлайды, кейбір адамдар кеме жасаса, ал басқалары оларды сынап, ұшуға дайындайды, үшіншілері - ұшу мен қонуды қамтамасыз етеді. Әр ойыннан кейін тәрбиеші балаларды ойын жағдаяттарын талдауға тартады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	жидектермен, тәтті салмасы бар бәліштермен, шай ішумен аяқталады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары)	
Балалармен жеке жұмыс	Ойын-тапсырма: "Ою қиямыз". Мақсат-міндеттер: қайшымен жұмыс істеуді жалғастыру. (жапсыру)	Ойын-жаттығу: "Сипаттамасы бойынша таны". Мақсат-міндеттер: геометриялық пішіндерді ерекшеліктері	Ойын-жаттығу: "Қызықты штрихтеу". Мақсаты: штрихтеуді дұрыс жасай білуді бекіту.	"Пазлдарды жинаймыз" жаттығуы. Мақсаты: ұсақ қол моторикасын, шыдамдылықты дамыту.	Ойын жаттығу: "Ненің дыбысы?" Мақсаты: есту зейінділігін дамыту, қоршаған объектілер туралы білімдерін тиянақтау..

		бойынша бөлу (жақтарының, бұрыштарының саны). (математика негіздері)		"Біздің үйдегі көмекшілер" жаттығуы. Мақсаты: балалардың тұрмыстық техникамен қолдану қағидалары туралы түсініктерін пысықтау; мәтінді ырғаққа сай айта жүріп, қимылдарды орындауға машықтандыру.	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын тандау; әр баламен жеке әңгімелесу; шалбар, бас киім мен аяқ киім кию реттілігін бақылау.				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қоршаған ортамен таныстыру, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу,				

бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілер және күн тәртібі".	Кеңес: "Сіздің балаңыз серуенде".	Әңгімелесу: "Сіздің балаңыздың тәртібі".	Кеңес: "Спорт және бала".	Әңгімелесу: "Мектеп жасына дейінгілердің сұрақтары".

Әдіскер: А.А.Сулейменова